

БЕКТЕМИН  
«Әлия» бөбекжай-бақша мектепшілігінің  
менгерушісі: *Росси* *Н. Н. Носкина* *Носкина*



МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ «ҚЫЗҒАЛДАҚ» ТОБЫНЫҢ

**ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖЫЛДЫҚ ЖОСПАРЫ**

ВАРИАТИВТІК САБАҚ

**«ШЕБЕР ҚОЛДАР»**

2021-2022 оқу жылы

**ТӘРБИЕШІЛЕР: ЫДЫРЫСОВА А**

**ГЕЛЬМАДИНОВА Н**

**ВАРИАТИВТІК КОМПОНЕНТ  
ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖЫЛДЫҚ ЖОСПАР  
МАД «ҚЫЗҒАЛДАҚ» ТОБЫ**

ШЕБЕР ҚОЛДАР (1,0-36)				
№	Тақырыптар	Мақсаты	Сағаты	Өткізілетін күні
1	«Күз сыйлығы»	Балаларды күз мезгілінің ерекшеліктерімен таныстыру. Балалардың талабын арттыра отырып, көкөністер мен жемістерді ажыратып білуге білімдерін дамыту. Тұзды қамырмен мүсіндеу әдістерін пысықтау қол қимылын дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Тұзды қамырды еркін қолдану арқылы көкөніс-жемістердің мүсінін жасауды үйрету.	1	02.09.2021
2	«Добым, добым дөңгелек, Токтамайсың дөңгелеп»	Балаларға тобымыздағы ойнауға арналған доптар туралы түсінік беру. Әр түрлі пішінді доптарды, тұзды қамыр арқылы мүсіндеуге үйрету. Ұсақ қол қимыл - қозғалыстарын, тілдік қорларын, ойлау дағдыларын дамыту. Достастыққа, бірлесіп жұмыс істей білуге тәрбиелеу.	1	09.09.2021
3	«Жүзік»	Балаларға зергерлік өнер туралы түсінік беру. Сөздік қорларын бейнелі дұрыс жеткізе білу іскерліктерін, шығармашылық қиялдарын дамыту. Қазақтың салт-дәстүрлерін және үлкенді құрметтеуге тәрбиелеу.	1	16.09.2021
4	«Алтын балық»	Балаларға балық туралы жан-жақты түсінік беру, тіршілік ортасымен таныстыру, алақан арасына салып домалақтау, жаншу, жалпақтау, есу тәсілдерін жалғастыру. Мүсіндеуде саусақ қимыл-қозғалыстарының ептілігін қалыптастыру, бірнеше бөліктен тұратын заттарды бір-біріне біріктіруді дамыту. Саусақ ептілігімен пішінді бұзбай, таза, ұқыпты орындауға тәрбиелеу.	1	23.09.2021
5	«Үйрек»	Тұзды қамырмен дұрыс жұмыс жасай білуге үйрету. Қиялдарын дамыту. Үйректі мүсіндей алуға үйрету. Саусақ маторикаларын дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу	1	07.10.2021

6	«Торғай»	Тұзды қамырмен дұрыс жұмыс жасай білуге үйрету. Есу, ұзу арқылы торғайды мүсіндей алуға үйрету. Саусақ маторикаларын дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1	14.10.2021
7	Үй жануарларын мүсіндеу «Қозы»	Үй жануарлары жайлы білімдерін кеңейту. Саусақ маторикаларын дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1	21.10.2021
8	«Машина»	Көліктер жайлы білімдерін кеңейту. Саусақ маторикаларын дамыту. Балалардың шығармашылық қабілеттерін одан әрі дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу	1	28.10.2021
9	«Ұшақ»	Көліктер жайлы білімдерін кеңейту. Саусақ маторикаларын дамыту. Балалардың шығармашылық қабілеттерін одан әрі дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу	1	04.11.2021
10	«Қуыршаққа арналған моншақтар»	Әшекей бұйымдары жайлы білім беру. Саусақ маторикаларын дамыту, тізбектей алуға үйрету. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1	11.11.2021
11	«Үлкен және кіші саңырауқұлақтар»	Тұзды қамырмен дұрыс жұмыс жасай білуге үйрету. Көкөністер жайлы білімдерін кеңейту. Саусақ маторикаларын дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1	18.11.202
12	«Жол белгілері». Пайдалануға жарамсыз заттармен жұмыс	Балалардың құрастыруға деген қызығушылықтарын арттыра отырып, ой-қиялдары мен шығармашылықтарын дамыту және алдарына мақсат қоя білуге үйрету.	1	25.11.2021
13	«Мен, менің достарым жануарларым»	Жануарлардың қысқы тіршілігі (азық дайындауы, қыс бойы ұйқыда болуы) туралы әңгімелеу. Туған өлкенің жануарларын қорғау. Сөздік қорларын молайту. Саусақ маторикаларын дамыту. Жануарларды қамқорлыққа алу сезімдерін тәрбиелеу.	1	02.12.2021

14	«Сандықша»	Пайдалануға жарамсыз заттардан, қорапшалардан сандықша жасап, әшекейлеуге үйрету.	1	09.12.2021
15	«Шырша»	Пайдалануға жарамсыз заттардан шырша жасауға үйрету. Баланың ой-қиялын дамыту, шығармашылықпен әрекет етуге баулу, бастаған істерін аяғына дейін жеткізе білуге дағдыландыру.	1	23.12.2021
16	«Рамкалар жасау»	Балаларға жарамсыз заттарды, дөңдерді рамаға ұқыпты жапсыра білуге жаттықтыру.	1	30.12.2021
17	«Жаңа жылдық безендіру» (Түрлі-түсті қағаздармен жұмыс)	Қағаз, желім, қайшымен жұмыс істеу дағдыларын бекіту. Қиылған дайын үлгі қалыптар бойынша пішінді қиып, бір-біріне таза, ұқыпты желімдеуге үйрету. Бір-біріне қуаныш сыйлауға жұмылдыру.	1	06.01.2021
18	Аққала	Балаларға қағазды ұмаждау арқылы домалақтап, бір-біріне желімдеп, аққала жасату	1	13.01.2022
19	«Қуыршақ» театры (Қолтырауын Гена, Чебурашка)	Пайдалануға жарамсыз заттардан ойыншықтар жасауды үйрету. Баланың ой-қиялын дамыту, шығармашылықпен әрекет етуге баулу, бастаған істерін аяғына дейін жеткізе білуге дағдыландыру	1	20.01.2022
20	Пингвин	Балаларға пластикалық бөтелке мен ермексаздан пингвин жасауды үйрету	1	27.01.2022
21	Өз бетінше жұмыс	Балалардың өз қалаулары бойынша жұмыс жасау	1	03.02.2022
22	Үй	Балаларға пластикалық ыдыстардан, пенопластан әр түрлі заттар жасауға үйрету	1	10.02.2022
23	Досыма арналған альбом	Қағазбен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіру. Тік төртбұрышты қағазды тең екіге бүктеу және бір-біріне желімдеу әдіс-тәсілдерін меңгерту. Альбомды әшекейлету арқылы көркемдік талғамдарын дамыту. Бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге тәрбиелеу	1	17.02.2022
24	Көңілді шеберхана	Қағаздан әр түрлі ойыншық жасау тәсілдерін үйретуді жалғастыру. Дөңгелектеу арқылы конус жасауға үйрету.	1	24.02.2022

		Дайын жұмыстарды өздері бағалай алуға үйрену		
25	Аналарға сыйлық ( Құттықтау ашық хат)	Қалың қағаз бетіне жұмсақ мочалқаны (губка) алма пішініне ұқсатып қиып, желімдеп, бетіне ине қадағыш жасау	1	03.03.2022
26	Ит (Табиғи материалдармен жұмыс)	Жануарлардың бейнесіне сәйкес табиғи материалдар таңдай алуға үйрену. Бастаған істерін аяқтауға дағдыландыру	1	10.03.2022
27	Көбелек ( Табиғи материалмен жұмыс)	Балаларды табиғи материалдармен таныстыру. Жұмыс істеудің алғашқы дағдыларын қалыптастыру. Ойыншық жасау барысында дене бөліктерін салыстыра білуге үйрету. Әдемілікке баулу	1	17.03.2022
28	Қамшы өру	Әр түсті үш жіпті өруді және оның ұштарын бекітіп, таяқшаға байлауды үйрету. Өз қолдарымен бұйым жасауға деген қызығушылықтарын арттыру. Еңбек нәтижесіне жетуге тәрбиелеу	1	24.03.2022
29	Құстар ұясы	Балаларға пластикалық ыдыстан ұя жасауды үйрету	1	07.04.2022
30	Желкенді қайық	Жаңғақ қабығына ермексазды толтыра отырып, дайын таяқша жапырақты қадап бекіту	1	14.04.2022
31	Ұшақ	Балаларды қағазды бекітудің қарапайым әдістерімен таныстыруды жалғастыру. Бүктеу кезінде қарама-қарсы қабырғалары мен бұрыштарының сәйкес келуін қадағалап отыруға үйрету	1	21.04.2022
32	Табиғи материалдармен жұмыс	Балалардың өз қалаулары бойынша жұмыс жасау	1	28.04.2022
33	Үйрек (Оригами)	Саусақ бұлшық еттерін және баланың ой-қиялын дамыту; Қағазды әр түрлі әдіспен бүктеуге жаттықтыру	1	05.05.2022
34	Көгершін ( Оригами)	Қағазбен жұмыс істеудің әр түрлі тәсілдерін үйретуді жалғастыру; Саусақ бұлшық еттерін жетілдіру	1	12.05.2022

**БАРЛЫҒЫ 36**

35	Мимоза тармақшалары»	Дөңгелек түрдегі заттарды қия білуге, бөліктерден құрастыра білуге үйрету. Саусақтарының бұлшық еттерін жетілдіру	1	19.05.2022
36	Өз бетінше жұмыс	Балалардың өз қалаулары бойынша жұмыс жасау	1	26.05.2022

**САҒАТ**